



*«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Әдістеме-библиография бөлімі*

Асыл өнердің алып нары



*/Қазақстанның халық әртісі Елубай Өмірзақовтың
туғанына 125 жыл (1899-1974)/*

*(Жаднама)
Арқалық, 2024*

*«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Әдістеме-библиография бөлімі*

Асыл өнердің алып нары

(Жаднама)

Арқалық, 2024

ӘОЖ 791
КБЖ 85.33
А 87

Құрасты., компьютер. терген: Г.А. Нугманова
Жауапты ред.: Ж.К. Абжанова

Құрастырушы: Г.А. Нугманова
Шығарылымға жауапты: С. А. Алматыва
Мұқабаны безендірген: Г.А. Нугманова
Редактор: Ж.К. Абжанова

«Асыл өнердің алып нары» [Мәтін] : /Қазақстанның халық әртісі, Елубай Өмірзақовтың туғанына 125 жыл / : жаднама /Арқалық қаласындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.; Г.А. Нугманова ; шығарылымға жауапты С. А. Алматыва ; ред. Ж. К.Абжанова]. – Арқалық : [б.б.], 2024. – 26 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме-библиография бөлімі Қазақстанның халық әртісі Елубай Өмірзақовтың туғанына 125 жыл толуына орай **«Асыл өнердің алып нары»** атты жаднама дайындады. Жаднамада Елубай Өмірзақовтың өмірі туралы, сондай-ақ тұтас мәдениетіміздің дамуына ерекше үлес қосқан тұлғаның бірі – біздің даңқты жерлесіміз жайында мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 791
КБЖ 85.33
А 87

Құрастырушыдан

Актер, ұлттық театр өнерінің негізін қалаушыларының бірі, Қазақ Кеңесі Социалистік Республикасының халық әртісі Елубай Өмірзақовтың туғанына 125 жыл толуына орай Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме – библиография бөлімі *«Асыл өнердің алып нары»* атты жаднаманы қалың оқырман қауым назарына ұсынып отыр. Жаднамада актер, ұлттық театр өнерінің негізін қалаушысы Елубай Өмірзақовтың өмірі мен шығармашылығы жайында мағұлматтар берілген. Жаднамадағы материалдар қазақ тілінде әзірленген. Бөлімде Е.Өмірзақовтың мерзімді басылым бетіндегі жарияланымдарының, оның өмірі мен шығармашылығы жайында қамтылған. Әдебиеттер тізімі әліпбилік ретпен орналастырылған. Жаднама баспасөзде жарияланған мақалалар мен кітапхана қорында бар материалдар енгізілген. Басылым көпшілік оқырман қауымға арналған.

Өңір мақтанышы



Өмірзақов Елубай 1 қаңтар 1899 жылы, қазіргі Қостанай облысы Таран ауданында дүниеге келген. Актер, ұлттық театр өнерінің негізін қалаушыларының бірі, Қазақ Кеңесі Социалистік Республикасының халық әртісі Елубай Өмірзақов еңбекке ерте араласты. Болашақ актердің талантын танып, өнерге баулыған әрі оны оқуға үйреткен сол кездері ауыл ұстазы, жазушы – драматург Б.Майлин болатын. 1923 ж. Орынбор қаласындағы Қазақтың халық ағарту институтында оқыған. 1924 ж. Орынбор қаласында қойылған М.Әуезовтің «Еңлік - Кебегі» және Ж.Ерданаевтың «Малқамбайында» Елубай Өмірзақов Абыз бен Малқамбай рөлдерінде ойнады. Бұл актердің сахналық өнерге бүтіндей бет бұруына үлкен әсер етті. 1925 ж. Қызылорда қаласында Қазақ мемлекеттік драма театры құрылғанда А.Абдуллин, Қ.Бадыров, С.Байғожин және С.Оспановпен бірге Елубай Өмірзақовта ұлт театрының іргетасын қалап, оның өркен жаюына мол үлес қосты. 1927 ж. Мәскеу қаласында өткен этнографиялық концертке қатысты. 1931 ж. қазақ сахна шеберлері қатарынан режиссер Ж.Шанинмен бірге театрдың бес жылдық мерекесіне байланысты Е.Өмірзақов республиканың тұңғыш халық артисі атағына ие болды. Елубай Өмірзақов қазіргі Қазақтың мемлекеттік академиялық опера және балет театрын ұйымдастырушылардың бірі болды. Осы театр сахнасында қойылған Әуезов пен И.В. Коцыктың «Айман - Шолпан» және Майлин мен Е.Г.Брусиловскийдің «Жалбыр» сияқты музыкалық спектакльінде халық өкілі, тапқыр Жарас пен күзетші Қайрақбайдың рөлін орындады. Өмірзақов ойнаған рөлдерінің саны 150 - ден астам, олардың қатарына Асан, Кеңгірбай, Қазан (Әуезов «Қарагөз», «Еңлік - Кебек», «Қара қыпшақ Қобыланды», Мұнайтпас, Жалмұқан (Мүсірепов Ақтоқты), Отелло(У.Шекспирдің осы аттас трагедиясында) т.б. Е.Өмірзақов актерлік шеберлігінің ерекшелігі сөзінен гөрі сахналық қимыл – қозғалысы мен мимикасында, ол әрбір кейіпкерінің мінезін, табиғатын ішкі сезім дүниесіне лайықтап, өзінің бүкіл дене бітімін құбылтып, құлпыртып ойнауға өте шебер сахна суреткері болған. 1975 жылдан Алматы қаласында ол тұрған үйге(Қабанбай батыр көшесі 89 үй) мемориалдық тақта орнатылып, актер есімімен көше (бұрынғы 14 линия) және Қостанай облысы филормониясы Елубай Өмірзақов есімімен аталды.

Елубай Өмірзақов – ұлттық театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі, актер, тұңғыш халық әртісі. Талантты актер Елубай Өмірзақов 1899 жылы Қостанай облысы Таран ауданы Ақтөбе ауылында дүниеге келген. Болашақ актердің талантын танып, өнерге баулыған әрі оны оқуға үйреткен сол кездері 1914 жылы, ауыл ұстазы, жазушы – драматург Бейімбет Майлин болған. Бұл жайында Елубай Өмірзақов 1976 жылы Жалын баспасынан шыққан «Ұстаздарым - достарым» атты кітабында келесідей естеліктермен бөліседі: «Бейімбет мені соңынан қалдырмай жүрді, өлең жазып маған жататты.

Мен домбыраға қосып айтатынмын.

Бозбала тіршілікте өткіз саулық,

Алдыңда ажал деген бар-ды қауіп.

Сөнді деп шамшырағың өкінерсің,

Бұл күні өліп кетсең қаза тауып.

Бұл Бейімбеттің маған бірінші жазып берген «Бозбала» деген, өлеңінің басы».

Бейімбет Майлиннің жас Өмірзақты соңынан қалдырмай жүретін реті бар. Елубай - Өмірзақтың тоғыз баласының бірі. Ал Жайылғанұлы Өмірзақ Жаппас руынан, ұранға шыққан Баймұрат Байбөріұлының ұрпағы. Өмірзақтың жалғыз інісі Байкен Бейімбет Майлиннің Әлия есімді қарындасын алған. Дарынды жас 1919 жылы «Қызыл керуен» труппасының жұмысына белсене ат салысып, өзінің бойындағы талант ұшқынын айналасындағыларға көрсеткен. Ол қаршадайнан елдегі ойын – сауық пен ән – күйдің ұйытқысы болып, халық өнерінің бай мұрасын бойына молынан дарытып өскен. Сондықтан да Бейімбет Майлин келешек өнер адамының талантын ерте танып, оны баулыған және оқуға тартқан. Шығармашылық қызметін Бейімбет Майлиннің кейіпкерлерін сахнаға шығарумен бастаған. Бала кезінде – ақ, Бейімбет Майлиннің «Қаламқас» атты пьесасында екі рөлді қатарынан иемденді. Жоғарыда аты аталған кітаптан үзінді келтірер болсақ: өмірге көзімді ашып, үлкен өнер жолына түсуіме себепші болып жәрдемін тигізген адам – марқұм Бейімбет Майлин болатын. Бейімбет мені 1921 жылы Қостанайдағы милициялар даярлайтын 6 айлық курсқа жіберді. Оқуды бітірісімен, Енеске келіп қызмет істедім. Ал жұмыстан қолым бос кездерімде мекткһеп оқушылары арасында көркем үйірме ұйымдастырып, ойын – сауық кештерін өткізіп жүрдім. Бейімбеттің мені елде бастаған үйірмеден үлкен сахнаға дейін сүйреген өлшеусіз көмегін айтып жеткізе алмаспын» - деп ағынан жарылады. Жас дарын иесінің даналығын көре білген ұлтымыздың ұлағатқа бай перзенті Бейімбет Майлин бозбала Елаға болып танылуына ерекше үлес қосқанын оның өмір жолынан – ақ көруге болады.

Елубай Өмірзақов 1923 – 1925 жылдары сол уақыттағы Қазақстан астанасы Орынбор қаласындағы Қазақ халық ағарту институтында оқыған. Даңқты актердің актерлық қырлары сол өзі білім алған Орынбор шаһарындағы Свердлов атындағы клуб жанынан ұйымдастырылған әуесқойлар труппасының «Еңлік Кебек» және «Малқамбай» деп аталатын спектакльдерінде Абыз бен Малқамбайдың рөлдерін шеберлікпен орындап, көрермендердің тартынып ерекше ілтипатқа ие болған – ды. Осы өзіне деген ықылас оның сенімділігін, театр өнеріне деген қызығушылығын барынша арттырды. Тынымсыз ізденіс үстінде болды.

1925 жылы ел астанасы Орынбордан Қызылорда қаласына ауысқан еді. Іле – шала Қызылордада Қазақ мемлекеттік драма театры (қазіргі Қазақ мемлекеттік академия драма театры) құрылады. Қазақтың тұңғыш театрын ашу мәселесі қолға алынғаннан бастап еліміздің түпкір-түпкірінен дарынды жастар тартыла бастайды. А.Абдуллин, І.Бадыров, С.Байғожин және С.Оспановпен бірге Өмірзақов та алғашқы ұлт театрының іргетасын қалап, оның өркен жаюына мол үлес қосады. Қазақ өнері үшін туылған талант иесінің өнердегі жолы уақытында бағаланды. 1931 жылы қазақ сахна шеберлері қатарынан режиссер Жұмат Шанинмен бірге театрдың бес жылдық мерекесіне байланысты Елубай Өмірзақов республиканың тұңғыш халық әртісі атағына ие болды. Бұл құрметті атақ музыка мен хореография, театр мен кино, эстрада мен цирк өнерін дамытуға айрықша үлес қосқан адамдарға берілген.

Содан кейін ол қазіргі Алматыдағы Қазақ мемлекеттік академиялық және опера балет театрын ұйымдастырушылардың бірі ретінде де көпке мәлім. Аталған өнер ордасы 1934 жылы көрермендерге есігін айқара ашқан болатын. Мысалы, ол қазақтың классик жазушысы Мұхтар Әуезовтың және И.Коцевтің «Айман – Шолпан» , Бейімбет Майлин мен Е.Брусилловскийдің «Жалбыр» деп аталатын музыкалық спектакльінде халық өкілдері болып табылатын Жарас пен күзетші Қайрақбайдың бейнелерін сомдады.

1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнерінің 10 күндігіне қатысып, қазақтың ұлттық театрының негізін қалаған тума таланттармен бірге В.И.Сталиннің қабылдауында болады. Ол Мәскеуге оған дейін де 1927 жылы этнографиялық концерт қоюға келген болатын. Сонымен 1930 – 1940 жылдары театр сахнасында актерлік шеберлігін шындаумен қатар радио мен филармонияда эстрадалық концерттер мен кино өнерін дамытуға айрықша үлесін қосып, сан қырлы дарын иесі екендігін іс барысында дәлелдеді.

Мәселен, ол әйгілі халық батыры Амангелдінің, содан кейін осы аттас фильмде өзінің қайталанбас өнер адамы екенін көрсете білді. 1938 жылы шыққан «Амангелді» фильмі Қазақстан тарихындағы алғашқы дыбысты көркем фильм болатын. Ол қазақ кино өнерінің тарихында өзіндік орынға ие фильмнің басты рөлі Амангелді бейнесін тұтастықта бере алады. Актердің пайымдауында көтеріліс көсемінің мұрат – мақсаты айқын, қимыл – әрекеті ширақ, іштен тасып шығатын күш – қуат психологиялық толғаныстарынан, саңқылдаған сөзінен, оқыс түскен көздің қиығынан, қас пен қабақтан айқын сезіледі. Бейне жасауда актер инуициямен бірге, саналы ізденіс тәсіліне де баса көңіл бөлген. Сонымен, ұлттық драматургия негізіндегі қойылымдардағы сомдаған сахналық бейнелері актердің көркемдік биік жетістіктері болып қалды.

Елубай Өмірзақовтың басынан өткізген өмір тәжірибесінің екінші бір шыңы – халықтың ауыз әдебиеті мен ән байлығы. Ән айтуға ыңғайы бар Елубай қолына домбыра алған күннен бастап той – думанда бұрынғы халық жыршыларының дәстүрі бойынша жыр, ән айтқан. Ол халық әндері «Шәпибаяу», «Кербесті», «Нақ - нақ», «Қыздар - ау», «Заулатшы - ай» секілді туындыларды жүрекке жеткізе орындайтын. Ұзын саны 200 – ге жуық сахналық бейнелер жасаған актер өнерінің даму белестері де өзгеше. 30 – шы жылдардың ортасына дейін халық өнерінің мөлдір бұлағынан сусындап келген ол енді мұнан кейінгі жылдары сахна сырын шынайы мәдениетті жолмен меңгеруге көшеді. Тбилисиге барып, грузин театрында бір айдай тәжірибеден өтуі, онан кейінгі біраз уақыт Мәскеу мен Санкт-Петербург шеберлерінің өнерімен танысып, спектакльдерін көруі, Қазақстанға келген режиссерлер мен шығармалық жұмыстарын жандандыруы – Елубай Өмірзақовтың сахна әлемін ғылыми жолмен қарастыруға бағыттайды. Бұрынғы дағдыланған машықпен жарқ етіп, шарқ ұру әдісінен бірте – бірте бас тартып, рөл мен пьесаның әдеби негізіне әбден қанығып барып, оймен саралау, психологиялық толғаныс процесіне ерекше көңіл аударған. Осындай күрделі дамудың жолына өткен Елубай Өмірзақовтың актерлік өнері жоғары профессионалдық үлгідегі өзіндік ұлттық ерекшеліктерімен қалыптасты.

Оның актерлік ерекшелігі туралы қазақтың ұлы жазушысы, өзінің замандасы, өте жақын қарым – қатынаста болған Мұхтар Әуезов те бірнеше жерде жазып кеткен екен: «Елубай қызуқанды, ащы мысқыл иесі. Ішінде сахна өнерінің қайнар көзі бар жанды, отты ойыншы. Шынымен бабына келтіретін рөл болса, Елубайдың ішінен тасып шығатын қызуы өте мол. Мұнда өмір екпінін, өнер оты тіпті күшті сияқты. Сондықтан залды баурап алатын албастысы барға ұқсайды».

Ал 1936 жылы мәдениетшілер съезінің қарсаңында Мұхтар Әуезов Елубай туралы жазған мақаласында: «Елубай бір сыдырғының актері емес,

диапазоны үлкен, ой – қыры мол актер. Ол ойнаған рөлдердің көпшілігі драмалық құбылыстың өзінде басты рөл болып қалыптасқан немесе сол аталған адамдардың пьесадағы орны үлкен болмаса да, Елубай ойнағандықтан үлкен боп өсті, қызықты, жанды рөл боп танылып кетеді. Ол ғана емес, рөлді асырып қана қоймай, сол бір рөлдің ерекше көрікті болып шығуы арқылы кейбір пьесаның да белі көтеріліп, көпке дейін жарай беретін, сахнада жүре беретін жағдай тағы бар. Мысалы, «Малқамбай», «Зәуре» түптің түбіне келгенде, осы екі пьесаның екеуін де пьеса қылып көрушіге үнемі қызықты етіп отырған Елубай ойындары», дейді.

Ол ел басына күн туған уақытта екінші дүниежүзілік соғысқа концерттік бригадамен екі рет барып қайтқан. Отан үшін от кешкен жауынгерлерге мәдени қызмет көрсетіп, олардың рухын көтерді. Патриоттық сезімдерін оятты. 1942 жылы қанды қырғын даласына Күләш Байсейітова, Ғабиден Мұстафин, Жүсіпбек Елебеков және т.б. белгілі тұлғалармен барған. 8 – гвардиялық Панфилов дивизиясында да болып, батыр Бауыржан Момышұлымен кездескен.

Елубай Өмірзақовтың фильмографиядағы жолы қазақтың тұңғыш көркем фильмінен басталып, 20 – дан аса фильмге түскен. Өнер жолына жан - тәнімен берілген Елубай Өмірзақов рөл таңдамайды, режиссер ұсынғандарды үлен – кіші демей барын салып ойнаған. Оның бейнесін қазақтың белгілі режиссері Шәкен Аймановтың фильмдерінен көбірек байқаймыз. Уақытында Шәкен Аймановпен де «аға-іні» болып сыйласқан. Шәкен Айманов фильмдеріндегі Елубай Өмірзақовтың көпке белгілі рөлдері – «Алдар көседегі» диуана – мен «Атамекен» фильміндегі жалғыз ұлын соғыс жалмаған қария бейнесі. «Алдар Көседегі» диуана – Өмірзақовтың күлкілі әрекетіне басқа түгіл фильмнің режиссері Шәкен Айманов атамызды күлкі қысып, кадрды бірнеше рет қайта түсірген көрінеді. Бір сөзбен айтқанда, Елағанның тұла бойы толып тұрған күлкі еді. Мұндай күлкілі құбылыстар біздің ұлы актерлеріміздің табиғи талантының бір қыры деп білеміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Алдабергенов, Қасымхан. Өнер өлкесінде [Мәтін] : Елубай Өмірзақов атындағы облыстық филармония қашан құрылды, қалай құрылды, кімдер құрды, бірінші директоры кім еді? Мұны сол құрушының өз аузынан естіп-білейік. / Қ. Алдабергенов // Қостанай таңы. – 2018. – 26 қазан. – Б. 6.
2. Балтабаева, Ажар. Сахна серкесі - Ел-ағаң [Мәтін] : [халық әртісі Елубай Өмірзақов туралы] / А. Балтабаева // Қостанай таңы. – 2007. – 11 желтоқсан. – 5 б..
3. Елтайұлы, Дәмер. Елубай Өмірзақовтың туғанына – 120 жыл [Мәтін] : [әртіс] / Д. Елтайұлы // Qostanay tany. – 2019. – 1 ақпан. – Б. 7.
4. Қостанай облысының танымал тұлғалары: мәдениет қайраткерлері=Известные люди Костанайской области: деятели культуры [Мәтін] : [бағыттама] / құраст.: Ю. Говорова, А. Кадырменова, ауд.: А. Балтабаева. - Қарағанды: Экожан, 2018. – 110 б.
5. Қуанова, Роза. Сахна тарланы [Мәтін] : Қазақстанның Халық әртісі Елубай Өмірзақовтың туғанына – 115 жыл : [суреті бар] / Р. Қуанова // Қостанай таңы. - ("Зерде" тарихи-танымдық қосымшасы). – 2014. – 11 сәуір. – Б. 10.
6. Өмірзақов, Е. Ұстаздарым-достарым [Мәтін] : естеліктер / Е. Өмірзақов. – Алматы: Жалын, 1976. – 128 б.
7. Өмірзақов, Елубай. Адам болсам - Бейімбеттің арқасы [Мәтін] : [жазушы Бейімбет Майлиннің туғанына – 110 жыл] / Е. Өмірзақов ; Елубай Өмірзақов // Жаңа Сарыарқа. – 2004. – № 2. – 14 б.



Е. Өмірзақов. 1936 ж.
Б. Майлин атындағы Таран тарихи-өлкетану музейі.
Қ. 2. Т. 1. С.б. 26.
Е. Умурзаков. 1936 г.
Тарановский историко-краеведческий музей им. Б. Майлина.
Ф. 2. Оп. 1. Ед. хр. 26.

**Елубай Өмірзақовтың
өмірбаянынан
Из автобиографии
Елубая Умурзакова**

Өмірзақов Елубай 1899 жылы 1 қаңтарда қазіргі Қостанай облысы Таран ауданында дүниеге келген. Болашақ актердің талантын танып, өнерге баулыған әрі оны оқуға үйреткен сол кездері ауыл ұстазы, жазушы-драматург Б. Майлин'.

1923–1925 жылдары Орынбор қаласындағы Қазақтың халық ағарту институтында оқыған. 1924 жылы Орынбор қаласында қойылған М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» және М. Ерғанаевтың «Малқамбай» спектакльдерінде Абыз бен Малқамбайдың ролін сомдады.


1927 жылы Мәскеу қаласында өткен этнографиялық концертке қатысты. 1931 жылы театрдың бес жылдық мерекесіне байланысты Е. Өмірзақов республиканың тұңғыш халық әртісі атағына ие болды.

1930–1940 жылдары драма театрында ойнаумен ғана шектелмей, радио мен филармонияға, эстрадалық концерттер мен кино өнерінің дамуына да қызу аты салысты, табиғи талантының әр қырынан танылды. Е. Өмірзақов әйгілі халық батыры Амангелдінің, М. Әуезовтің «Түңгі сарын» мен «Абай» пьесаларында Жарас пен Дәркенбайдың бейнесін шеберлікпен сомдады. Соңғы ролі үшін 1952 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

1938 жылдан Е. Өмірзақов киноға түсті. «Райхан» фильмінде Жексен, «Абай әні» фильмінде Ерден, «Дала қызы» фильмінде Ақтанбай рөлдерін сомдады. Бақсы фильміндегі ролі үшін Қазақ КСР-і Мемлекеттік сыйлығымен марапатталды.

Е. Өмірзақов халық әндерін шебер орындаушы ретінде де белгілі. 1936 және 1958 жылдары Мәскеу қаласында өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысты. 1975 жылдан Алматы қаласында ол тұрған үйге мемориалдық тақта орнатылып, Е. Өмірзақовтың есімі Қостанай облысы филармониясына берілді.

Фильмде ойнаған сәттерінен



Е. Өмірзақов Амангелді рөлінде. 1938 ж.
ҚР ОМА. Қ. Р - 1881. Т. 1. С. 6. 1.
Е. Умурзаков в роли Амангельды. 1938 г.
ЦГА РК. Ф. Р - 1881. Оп. 1. Ед. хр. 1.




Центральный государственный архив
кинофотодокументов и звукозаписей РК


Концерттен кейін майдангерлермен бірге қазақ әртістері.
Солдан бірінші: Е. Өмірзақов. 1942 ж.
ҒТҚ ОМА. Арх. № 2-56406.
Казахские артисты среди фронтовиков после концерта.
Первый слева: Е. Умурзаков. 1942 г.
ЦГА НТД. Арх. № 2-56406.




«Абай» қойылымына дайындық үстінде. 1950 ж.
Солдан оңға қарай бірінші: Е. Өмірзақов.
ҚР ОМА. Қ. Р – 1881. Т. 1. І. 58. П. 2.
Во время репетиции спектакля «Абай». 1950 г.
Слева направо первый: Е. Умурзаков.
ЦГА РК. Ф. Р – 1881. Оп 1. Д. 58. Л. 2



«Миллионер» фильмінде Бейсен рөліндегі Е. Өмірзақов. 1950 ж.
М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының музей қорынан.
Е. Умурзаков в роли Бейсен в фильме «Миллионер». 1950 г.
Из фонда музея Казахского академического театра драмы им. М. Ауезова.



М. Әуезовтың «Түнгі сарын» фильмінде Жантас рөліндегі Е. Өмірзақов. 1952 ж.
М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының музей қорынан.
Е. Умурзаков в роли Жантас в фильме М. Ауезова. «Түнгі сарын». 1952 г.
Из фонда музея Казахского академического театра драмы им. М. Ауезова



1959 жылғы 3 қаңтардағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Е. Өмірзақов Ленин Орденімен марапатталды.
Указом Президиума Верховного Совета СССР от 3 января 1959 года Е. Умурзаков награжден Орденом Ленина.

ОТЕЛЛО

У. ШЕКСПИР

(4 актин трагедия) Аударған М. Әуезов

Сөзбежазды жазған редактор — Қазақ ССР-інің искусствоға сыйығы өлкетанушы — А. Д. АХДИНОВСКИЙ
Суретші — Қазақ ССР-інің сыйығы өлкетанушы — Э. В. ЧАРЮМ-СКИН
Музыкалық құрастырған — Вурат-Монгол АССР-інің сыйығы өлкетанушы — И. Д. РЫК
Балетмейстер — Қазақ ССР-інің сыйығы өлкетанушы — Л. М. ТАГАНОВ
Учрежденің басшысы — А. Қ. ЛАМБАДИ
Сөзбежазды түзетіндері — Қазақ ССР-інің сыйығы өлкетанушы — А. Ж. ШИШКИН
Тыңдаушылар басшысы — Х. ҚАРИМОВ, М. ЖОЛТАЕВ
Сөзбежазды түзетіндері — Қазақ ССР-інің искусствоға сыйығы өлкетанушы — А. Д. АХДИНОВСКИЙ

РОЛЬДЕР МЕН ОРЫНДАУШЫЛАР:

Отелло — СССР-інің сыйығы өлкетанушы сыйығы — М. ДУЗОВ
Дездемона — И. АХДИНОВ
Иго — Қазақ ССР-інің сыйығы өлкетанушы — Ш. ЖАН-ДАРЫКОВА
Кассио — Қазақ ССР-інің сыйығы өлкетанушы — К. ҚАРМЫСОВ
Брандано — Қазақ ССР-інің сыйығы өлкетанушы — И. ЖАН-БЕКОВ
Клоу — И. П. СЕРГЕТОВ
Брандано — Қазақ ССР-інің сыйығы өлкетанушы — К. АХДИНОВСКИЙ
Родриго — Қазақ ССР-інің сыйығы өлкетанушы — А. Ж. ШИШКИН
Эмилиа — И. П. СЕРГЕТОВ
Батина — И. П. СЕРГЕТОВ
Лодовико — СССР-інің сыйығы өлкетанушы — М. ДУЗОВ
Дон — Қазақ ССР-інің сыйығы өлкетанушы — М. ДУЗОВ
Гриотто — Қазақ ССР-інің сыйығы өлкетанушы — А. Ж. ШИШКИН

«Отелло» спектаклінің жарнамасы және қойылымы. 1963 ж.
М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының музей қорынан.
Афиша и сцена из спектакля «Отелло». 1963 г.
Из фонда музея Казахского академического театра драмы им. М. Ауезова.



Марапаттау сәтінен



«Земля отцов» фильмінде ақсақалдың рөлін шебер сомдағаны үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын тапсыру кезінде. Таллин қ. 1968 жылғы тамыз.
 Б. Майлин атындағы Таран тарихи-өлкетану музейі. Қ. 2. Т. 1. С. 6. 24.
 Во время присуждения Государственной Премии Казахской ССР за исполнение роли дедушки в фильме «Земля отцов». г. Таллин. август 1968 г.
 Тарановский историко-краеведческий музей им. Б. Майлина. Ф. 2. Оп. 1. Ед. хр. 24.



ПРОЛЕТАРИИ ВСЕХ СТРАН, СОЕДИНЯЙТЕСЬ!
ГРАМОТА
 Тов. УМИРЗАКОВ Елубай!
 За заслуги в развитии театрального искусства и в связи с сороколетием Казахского Государственного ордена Трудового Красного Знамени академического театра драмы имени М. Ауэзова Вы, решением исполкома Кызыл-Ординского областного депутатов трудящихся от 12 августа 1966 года награждаетесь настоящей Грамотой исполкома областного депутатов трудящихся.
 Зам. председателя исполкома областного Совета депутатов трудящихся
 М. Дильмухамедов
 Секретарь исполкома областного Совета депутатов трудящихся
 Г. Искаков
 Театр өнерінің дамуына қосқан үлесі үшін Қызылорда облыстық атқару комитетінен Е. Өмірзақовтың грамотасы. 1966 ж. 12 тамызы.
 Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан.
 Грамота Кызыл-Ординского облисполкома Е. Умурзакова за заслуги в развитии театрального искусства. 12 августа 1966 г.
 Из фонда Костанайского областного историко-краеведческого музея.





Е. Өмірзақов КСРО халық әртісі А. Әшімовпен. 1970-інші жылдар.
Таран аудандық тарихи-өлкетану музейі. Қ. 2. Т. 1. С. 6. 24.
Е. Умурзаков с народным артистом СССР А. Ашимовым. 1970-годы.
Тарановский районный историко-краеведческий музей. Ф. 2. Оп. 1. Ед. хр. 24.



Совет Министров Казахской ССР ПОСТАНОВЛЕНИЕ

от 20 июня 1980 года № 254

АЛМА-АТА, ДОМ ПРАВИТЕЛЬСТВА

О ПРИСВОЕНИИ ИМЕНИ ЕЛЮБАЯ УМУРЗАКОВА КУСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТНОЙ ФИЛАРМОНИИ

Совет Министров Казахской ССР постановляет:
Принять предложение Кустанайского обкома Компартии Казахстана и облисполкома о присвоении имени Елюбая Умурзакова — народного артиста Казахской ССР, лауреата Государственных премий СССР и Казахской ССР областной филармонии и впредь именовать ее — Кустанайская областная филармония имени Е. Умурзакова.

Председатель
Совета Министров Казахской ССР **Б. АШИМОВ.**
Управляющий Делами
Совета Министров Казахской ССР **В. КОНДРАТОВИЧ.**

Қостанай облыстық филармониясына Е. Өмірзақовтың есімін беру туралы
Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысы. 1980 жылғы 20 маусым.
Постановление Совета Министров Казахской ССР о присвоении имени
Е. Умурзакова Кустанайской областной филармонии. 20 июня 1980 г.



Өнер қызметкерлері кеңесі ОК-нен Е. Өмірзақовтың құрмет грамотасы.
25 қазан 1940 ж.

Б. Майлин атындағы Таран тарихи-өлкетану музейі.
Қ. 2. Т. 1. С. 6. 7.

Почетная грамота ЦК Союза работников искусств Е. Умурзакова.
25 октября 1940 г.

Тарановский историко-краеведческий музей им. Б. Майлина.
Ф. 2. Оп. 1. Ед. хр. 7.



**Е. Өмірзақов атындағы Қостанай облыстық филармониясының
ғимараты және концерт залы. 2017 ж.**

**Е. Өмірзақов атындағы Қостанай облыстық филармониясының сайты суретінен.
Здание и концертный зал Костанайской областной филармонии имени Е. Умурзакова. 2017 г.
Фото из сайта Костанайской областной филармонии им. Е. Умурзакова.**



Сахна серкесі — Ел-ағаң

Қаламыздағы көрнекті мәдениет орындарының бірі Е. Өмірзақов атындағы Қостанай облыстық филармониясы. Ол 1944 жылы құрылған болатын. Аталмыш өнер ордасының өткен тарихы да мол. Жарты ғасырдан астам уақыттан бері филармония жүз мыңнан астам көпшілікке ұйымдастырып, миллиондаған көрермендерге қызмет көрсетіп келеді екен. Ал осы шақыраққа Елубай Өмірзақов есіміңіз не үшін берілгенін келер ұрпақ біле жүруі үшін өз мақаламды ұсынуды жөн санап отырмын.

Филармонияға актер, домбырашы, өңші, киноактер, ұлттық профессионалдық театр өнерінің негізін салушылардың бірі, халық өртісі Елубай Өмірзақов есімі 1980 жылдың 31 наурызында берілді.

Елубай Өмірзақов 1899 жылы Қостанай облысы, Тарап ауданының № 21 ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. Шешесі ертеректе қайтыс болып, әкесі Өмірзақовтың қолында тәрбиеленген. Өмірзақов әкесіне көмектесу мақсатымен еңбек майданына да ерте араласады. Болдырақ актер талантының ұшқынын нағашы танып, ұштаған, өрі оны оқуға ұйратып, сол кездері ауыл ұстазы болған, жазушы-драматург В. Майлин еді.

Ауыл сахнасында Майлиннің өзі ұйымдастырып қойған "Қаламқас" спектаклінде ару Қаламқастың да, одан кейін соны сарыңған жас жігіт Шапабайдың ролін қоса қабат орындап, жергілікті көрермендердің көңілінен шыққан жас өнерпаз Елубай Өмірзақов болатын. Ауыл-ауылдың арасында сөйлеп-сөйлекшіліп, күлдіріп ән-жырмен танылған ол сол кездегі репертуарын халық дастандарының ішкі-маржан үлгілерімен толықтырып отырады.

1919 жылы Е. Алдоңғаров, Ә. Еленова, Ж. Еленов, М. Фаризов, А. Сегізбаевпен бірге "Қызыл керуен" труппасының жұмысына белсене қатысады. 20-жылдары ауылда кіші миллионер жұмысын атқарып жүріп те өнерден қол үзбейді. Өзі бас болып көркем-өнерпаздар үйірмесін құрады. Оның актерлік өнерімен көрермендерге кеңірек танылуы Орныборда оқын жүрген кездерінен бастау алады. Бұл 1923-24 жылдардың аралығы еді. Осындағы Я. Свердлов атындағы жұб жанынан ұйымдастырылған оуской-дәуір жұмысына М. Әуезовтың "Еңлік-Көбей" әні Ж. Ердіанаевтың "Малқамбайын" қала тұрғындарына арнап сахнаға шығарады. Өмірзақов аталмыш спектакльдерде Абыл бен Малқамбай ролінде ойнады. Әсіресе соңғысы актердің сахналық өнерге бүтіндей бет бұруына ұлкен әсер етіп, болашақ өміріне бағыт сілтейді.

1925 жылы Қызылордада қазақ драма театры құрылады. Әуесқойлар труппасындағы сахналас серіктері А. Абдуллин, Қ. Вадывров, С. Байғожин және Ж. Оспановпен бірге Өмірзақов та алашақты ұлт театрының іргетасын қалап, оның өркен жаюына мол үлес қосуға ден қояды. Ол Москвада өткен этнографиялық концертке қатысып, өзі гастрольдік сапармен республика қалаларында, Ташкент пен Фрунзеде өнер көрсетеді.

Өмірзақов орындаған өрбір образ сәтті шығатын. Актер бұлардың әлеуметтік-тұрмыстық жайына таныс болғандықтан болар ролдері аса шынайы болып, шындық-



пен шығып жататын.

1931 жылы Ж. Шанинмен қатар Өмірзақов та театрдың 5 жылдық мерекесінде тұңғыш халық өртісі атағына ие болады. Қазіргі қазақтың опера және балет театрының ұйымдастырушылардың бірі болумен қатар ол "Айман - Шолпан", "Жалбыр" сияқты музыкалық спектакльдерде тапқыр Жарас пен күзетші Қайрақбайдың ролін шебер ойнап шығады. Ол тек қана драма театрында ойнап қоймай, радио мен филармонияға, эстрадалық концерттер мен кино өнерінің дамуына қызу ат салыса да жүреді. Халық өнерінің қайнар көзінен нәр алған Өмірзақов өйгілі халық батыры Аманкелдінің, келдей-кешіктердің өкілі Жантас пен Дөркембайдың (Әуезовтың "Түңгі сарыны" мен "Абайында") бейнесін зор шеберлікпен мүсіндейді. Ол қазақ сахнасында В. И. Лениннің сахналық туғасын тұңғыш рет жасаған қазақ актері.

КСРО Мемлекеттік сыйлығы мен Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ленин ордені, Октябрь Революциясы орденімен және басқа 4 орден, медальдарымен марапатталған жап. Әртістің еңбегі өз жерінде де бағалана білді. 1969 жылы 5 наурызда "Қостанай қаласының құрметті азаматы" атағы берілді.

Өмірзақов - қызу шабыт пен көл-көсір ыстық сезімнің актері еді. Актерлік өнерінің ерекшелігі — сөзінен гөрі сахналық қимыл қозғалысы мен мимикасының тамаша шешендігінде болды. Өрбір кейіпкерінің мінезін сезім дүниесіне лайықтап, өзінің бүкіл дене бітімін қубытып, құлшыртып ойнауға өте шебер сахна суреткері бола білді. Көрнекті тұлға жалпы театр өнерінің гүлденіп, дамуына мол үлес қосқан жап.

А. БАЛТАБАЕВА,
Қостанай мемлекеттік мұрағатының мұрағатшысы.

СУРЕТТЕ: Елубай Өмірзақов Аманкелді батыр ролінде.



Е. Өмірзақов атындағы Қостанай облыстық филармониясының қазақ ұлттық аспаптар оркестрі


Оркестр казахских народных инструментов Костанайской областной филармонии имени Е. Умурзакова

Е. Өмірзақов туралы кітаптары мен шығармалары



Аяған, Б Қазақтың бары мен жоғын түгендейтін дүние... [Мәтін] : [Қазақстан ұлттық энциклопедиясы] / Б. Аяған ; Бүркітбай Аяған // - 2008.

Өмірзақов, Е. Ұстаздарым-достарым [Мәтін] : естеліктер / Е. Өмірзақов. – Алматы: Жалын, 1976.



Қойылымдарынан фотосуреттері




Қ.Қуанышбаев пен Е.Өмірзақов отбасы ортасында




М.Әуезовтың «Абай» романы бойынша спектакльінде

Дәркембай рөлінде ойнаған – Е.Өмірзақов



*СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары С.Қожамқұлов,
Қ.Қуанышбаев, Е.Өмірзақов*

ЗЕРДЕ



Е. Өмірзақов Аманкелді ролінде

берген. Өмірзақов Қазақ халық ағарту институты ұстаздарымен сұхбаттасудан ең алғашқылардың бірі болып сүрінбей өтеді. Бұл институт кезінде педагог-ағартушы, ғалым-этнограф Ыбырай Алтынсарин білім алған Орынбор шекаралық комиссиясы жанындағы мектеп ғимаратында орналасқан. Осы институт қабырғасында жүріп, Свердлов атындағы клубтың жанынан ұйымдастырылған әуесқой труппасына қатысып, Әуезовтың

Елубай жастайынан аңшылыққа құмар болғандықтан Мұхтар Әуезов, Ілияс Жансүгіров, Иса Байзақов, тағы басқа араласатын кісілерімен аң аулауға актердің көлігімен шығып тұрған. "Аманкелді" фильмінен кейін, үкімет Е. Өмірзақовқа "Эмка" машинасын сыйлаған екен. Бұл машинаны соғыс уақытында актер майданға беріпті.

Театрдың ашылуына атсалысқан және өркенді іске көп еңбек жасағандар

Сахна ТАРЛАНЫ

Қазақстанның Халық әртісі Елубай Өмірзақовтың туғанына – 115 жыл

Өмірге көзімді ашып, үлкен өнер жолына түсуіме себепші болып, жәрдемін тигізген адам – марқұм Бейімбет Майлин. Елубай ӨМІРЗАҚОВ.

Елубай Өмірзақов – театр және кино актері, әнші-домбырашы, қазақ ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін салушы, режиссер, Қазақстанның халық әртісі, КСРО және Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қостанай қаласының құрметті азаматы.

Елубай Өмірзақов 1899 жылы Қостанай облысы, Таран ауданы Ақтөбе ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. Алғашқы білімді өзінің Ақтөбе ауылында алған. 1922 жылға дейін Таран ауданы

"Еңлік-Кебек" және Ерданаевтың "Малқамбай" атты спектакльдерінде Өмірзақов Абыз бен Малқамбай рөлдерін орындайды (осы пьесасында ойнағаннан кейін Елубайды – Малқамбай деп атап кеткен). Оқудағы Елубайға қазақ өндерін жинап жүрген Александр Викторович Затаевич жолыққан екен. "Сіздің осында екеніңізді Алдоңғаров пен Майлин айтты, мен қазақ өндерін жинап жүрген Затаевич деген адаммын. Сіз өлеңді жақсы айтады деп есіттім, дауысыңызды, өндеріңізді тыңдауға келдім" – депті. Сол жолы Затаевич Елубайдың 1914 жылы жасалған үзбелі домбырасын құрастырып отырғанын көргенде қызыға қараған. Жолға ыңғайлы, жақсы жасалғанына тәнті болыпты. Елубай ән салғанда,


Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллиндер болса, бірінші қазақ режиссері Жұмат Шанин еді. Ал, әртістер Е. Өмірзақов, С. Қожамқұлов, Қ. Бадыров, Қ. Қуанышбаев, Қ. Байсейітовтар сахнада тамаша ойын көрсетіп, өнер сүйер қауым театрды жиналатын ортаға айналдыра білді. Осының айғағы, актер Өмірзақов өріптестерімен бірге 1936 жылы Кеңес одағының астанасы Москва қаласында өткен қазақ өнерінің күндеріне қатысып, өз талантына көрермен қауымының басын игізді. Е. Өмірзақов қазақ кино өнерінің дамуына да қызу атсалысқан, ол 20-дан астам фильмдерге түсіп, белгілі рөлдерді сомдап, өз отанымызда ғана емес, жақын-алыс шет елдеріне де қазақ халқын танытты.

Елубай Өмірзақовтың туғанына – 120 жыл

Әр елдің бағындырған белесі оның қайраткерлерінің есімдерімен астасып жатқаны анық. Ондай тұлғалар Қостанай өңірінде жетерлік. Солардың бірі – ұлттық театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі Елубай Өмірзақов. Арда тұлғаның туғанына биыл – 120 жыл.

Елубай Өмірзақов еңбекке ерте араласты. Болашақ актердің талантын танып, өнерге баулыған әрі оны оқуға үйреткен сол кездері (1914) ауыл ұстазы, жазушы-драматург Бейімбет Майлин. Ол 1923-1925 жылдары Орынбор қаласындағы Қазақтың халық ағарту институтында оқыған. 1924 жылы Орынбор қаласында қойылған Мұхтар Әуезовтың "Еңлік-Кебекі" және Ж. Ерданаевтың "Малқамбайында" Өмірзақов Абыз бен Малқамбай рөлдерінде ойнады. Бұл актердің сахналық өнерге бүтіндей бет бұруына үлкен әсер етті.

1925 жылы Қызылорда қаласында Қазақ мемлекеттік драма театры (қазіргі Қазақтың мемлекеттік академия драма театры) құрылғанда А. Абдуллин, І. Бадыров, С. Байғожин және С. Оспановпен



бірге Өмірзақов та алғашқы ұлт театрының іргетасын қалап, оның өркен жаюына мол үлес қосты. 1931 жылы қазақ сахна шеберлері қатарынан режиссер Ж. Шанинмен бірге театрдың бес жылдық мерекесіне байланысты Өмірзақов республиканың тұңғыш халық әртісі атағына ие болды. Өмірзақов қазіргі Қазақтың мемлекеттік академия опера және балет театры (1934) ұйымдастырушылардың бірі, осы театр сахнасында қойылған М. Әуезов пен И. Коцыктың "Айман-Шолпан" және Б. Майлин мен Е. Брусиловскийдің "Жалбыр" сияқты музыка спектакльдерінде

халық өкілі, тапқыр Жарас пен күзетші Қайрақбайдың рөлін орындады.

1930-1940 жылдары драма театрында ойнаумен ғана шектелмей, радио мен филармонияға, эстрадалық концерттер мен кино өнерінің дамуына да қызу атсалысты, табиғи талантының әр қырынан танылды. Халық өнерінің қайнар көзінен нәр алған Өмірзақов өйгілі халық батыры Аманкелдінің (өуелі Б. Майлин мен Ф. Мүсіреповтің осы аттас спектаклінде; одан кейін осы аттас фильмде, 1938), сондай-ақ Жарас пен Дәркембайдың бейнесін шеберлікпен сомдады.

Өмірзақов 150-ден астам рөлде ойнады. 1975 жылдан Алматы қаласында ол тұрған үйге (Қабанбай батыр көшесі, 89-үй) мемориалдық тақта орнатылып, актер есімімен көше және Қостанай облысы филармониясы аталды. Бірнеше орден, медальдармен марапатталған.

Дәмер ЕЛТАЙҰЛЫ,
Е. Өмірзақов атындағы облыстық филармония директорының орынбасары.

АДАМ БОЛСАМ - БЕЙІМБЕТТІҢ АРҚАСЫ



**Елубай
Өмірзақов, халық
әртiсi, КСРО
мемлекеттiк
сыйлығының
иегерi**

Республикамыздың халық әртісі деген атақты республикада тұңғыш рет Жұмат Шанин екеуіміз алдық. Содан беріде төрт орденнің құрметіне ие болдым. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты деген атақ алдым. Міне, осының бәрі алдымен партияның, үкіметтің арқасы, сосын елде елеусіз жүргенімде алып келіп адам қылған, үлкен өнердің сахнасына шығарған Бейімбеттің арқасы.

Бейімбет екеуіміз де «Ақтөбе» ауылынан-быз, осында бірге өстік, бірге ойнап-күлдік. Менің ойын-сауықта, бас қосып жинала қалғанда жұртты күлдіріп, әңгіме, әзіл-оспақ, өлең айтатыным болушы еді. Сонымды бағалайтын Бейімбет жасының менен үлкендігіне қарамастан үнемі өзімен бірге ертіп, бір жаққа барса ала жүретін. Жымынып қойып, «ал Елубай өлең айт» дейтін, мен тартып шырқай жөнелетінмін.

Бірде: «Елубай, мен саған бірер өлең жазып

берейін, соны жаттап алып айтып жүрсен қайтеді?» – деген «Е, жарайды, болсын» дедім. Содан Бейімбетпен байланысымыз үзілме еді...

Ой, Бейімбеттің несің айтасың, өте сергек, біреуге жаны ашығыш, бауырмал, мейірімді еді ғой. Он алтыншы жылғы оқиғаны көбің кітап арқылы білесіңдер, ал мен соның зәбірін тарта жаздаған жанмын ғой. Одан арашалап алып қалған да қайран Бейімбет.

Менің өзімнен үлкен екі ағам бар еді. Сол екеуі тізімге іліккен. Солардың біреуінің орнына әкем «хат танысың ғой, сен бар» деген. Мен көнгенмін. Анау екеуі әліпті таяқ деп білмейтін. Сөйтіп «приемға» әкелген бізді.

«Мұнда Майлин де келіпті» деген хабар естідік те, мен жатқан жерін біліп алып, іле сонда барсам маңдай шашын ширатып, қағаз жазып отыр екен. «Ассалаумағалайкум!» деп сәлем беріп, қолым алдым. Ол менің жай-жапсарымды сұрап жатыр. «Осылай да осылай. Жарлыққа байланысты үлкен ағамның орнына әскерге баратын болдым» дедім. Ол ойлап отырды да, «Өмекеннің мұнысы қалай, сен әлі жассың, оған шыдай аласың ба», деп мені ертіп ауылдағы үйге алып келді жетелеп. Жолшыбай бұған өзім келіскенімді айтып қоямын.

Бейімбет үйге келген соң сәлемдесіп, әкеммен сөйлесіп: «Өмеке, мұныңыз қалай тым жас қой, ағалары хат танымаса да қарулы, хатты біреуге жаздырап, бұлай етпеніз» деп көндіріп, мені алып қалды ғой... Содан Бейімбеттен көз жазбадым, қол үзгенім жоқ. Оқытқан да, мені осы әртістікке баулыған да Бейімбет. Оған мәңгі-бақи қарыздармын.

Өнер өлкесінде

Елубай Өмірзақов атындағы облыстық филармония қашан құрылды, қалай құрылды, кімдер құрды, бірінші директоры кім еді? Мұны сол құрушының өз аузынан естін-білейік.

Филармония ашу оңай емес

Ұлы Отан соғысының үшінші жылы. Мінекі Қостанайда тұрған кезім. Облыстық партия комитеті мен облыстық совет атқару комитеті мені шақырып алып, Қостанайдан қазақтың мемлекеттік филармониясын ашу мәселелерін шешіп қайту үшін Алматыға жіберді.

Филармония ашу оңай емес екен. Мұнда келген соң мәселенің шешуін күтіп, Алматыда екі ай жатуға тура келді. Обком мен облыстық комитет Қостанайда қазақ филармониясын ашудың өте қажет екенін дәлелден жазған хаты бар. Оның үстіне күнде телефон соғып, дамыл бермейді. Содан қарар алынар алдында мені халық комиссарлары советіне шақырып, ауызекі сұрады:

— Ал, бұл мәселенің ресми жақтарын шешіп берейік, қаражат та бөлейік, бірақ оның негізі өздерінде болуы керек: ең бастысы үй мен кадр, құрал-жабдық, солар бар ма өздерінде?

— Бар!
Содан кейін көп кешікпей Қостанайдан қазақтың мемлекеттік филармониясын ашу жөнінде қарар қабылданды, қаражат бөлінді. Мәселе шешіліп, көңіл бір демделді.

Ал енді іске кірісу керек. Бірақ, қалай? Он ескіден бір нұсқа жоқ. Әкеңде айтылған "бар" деген сөз тек қасылған жерде, нартәуекелдің күшімен шыққан.

Сол қарар шыққан күннің ертеңіне Министрлер советінің жаңындағы көркем өнер істерінің басқармасы сол филармонияның директорылығын маған жүктеген бұйрық берді. Өмірінде өкім болып көрмеген маған директорылық тиген сөз не сөз?! Әсіресе кадр табу мүлде қиынға соқты. Астана театрлары мен филармониясына арқа сүйерміз деген сенім берерге шықты. Енді айнала сұрау салып, көркем өнерге икемі бар басы бос адамдарды көшеден іздеу ғана қалды.

Осында бір қытай композиторы бар, асқан талантты композитор, ерен музыкант, басы бос,

кытжан бұл кісі тура өзі аңғарғандарын тұспалап түсіндірген болады. Бақытжанның өзінің де орысша үйренген бірлі-жарым сөздері бар екен. Бір жағынан ымдап, екінші жағынан сөзбен шала-пула ұғындырып отырып, ақыры өрен дегенде келісімге келдік: Хуан Шунь Қостанайға баратын болды.

Сол кезде театр училищесі өзінің екінші курсында оқып жүрген Мөкеш Қойшыбаев дейтін домбырашы баланы, халық творчествосы үйі Дәукелдиева дейтін би ұстазын босаттырып берді. Қызметінен босап қалған тағы бір биші қызды тауып алдық. Сонымен Қостанай филармониясының алғашқы бес адамын осы Алматыда құрастырып, 1944 жылдың январында елге қарай жол тарттық.

Ұзақ жол ермескіз болған жоқ. Хуан Шуньде – скрипка, Мөкеш екеуімізде екі домбыра бар. Хуан Шуньмен сөйлесуіміз қиын болса да, музыка тілін ұғынуымыз сондай оңай болып кетті. Мөкеш екеуіміздің домбырада тартқан ән-күйлерімізді ол ө дегенше нотаға түсіріп, скрипкада ойнай жөнелді. Бұл біздің өзіміздің жаңа филармониямыздың болашақ репертуарларын құрастыра беруімізге жол ашты.

Қостанайға келесін, облсовет атқару комитеті көркемөнер талкерлерінің облыстық олимпиадасын өткізді де, соған келгендердің ішінен ән-күй, біге икемі бар жеті қыз, сегіз баланы филармонияның құрамына алып қалдық.

Сөйтіп, филармониямыз ресми түрде құралып, енді дайындық жұмыстарына қызу кірісіп кетті. Халық әртісі Елубай Өмірзақов алғашқы кезде бізге бас-көз болу үшін Алматыдан өзімізбен бірге ере келген. Облыстық мекемелердің қайсы болса да, бізге көмек етуден анып жатқан жоқ. Мен соларға сүйеніп отырып, құрал-жабдық, киім-кешек жаннақтарын өзірлеймін. Мөкеш, Хуан Шунь, Дәулеткелдиева, Елекең төртеуі жас әртістерімізді үйретіп, жаңа репертуар бойынша концертке дайындайды.

біліп қалып, бөде бола ма деген ой туды. Мен мұны мүлде "казак" қылып жіберейін деген шешімге келдім. Хуан Шуньді сахнаның сыртына шығарып алып, осы ойымды өзіне айттым.

— Сен өзін де казак сияқтысың. Мен сені "Айса Қуанышбаев" деп жариялаймын, "Қытай – Хуан Шунь" иет!

— Ол кім? – деді ол елегізіп.

— Айса – орыстың құдайы. Қытайша – Будда, – дедім қолыммен аспанды нұсқап. Қуаныш – радость, мир, хорошо, – деп түсіндірген болдым.

— Хорошо, – деді ол күлімсіреп арқаннан қағып, – совсем хороши!

Сол күннен бастап Хуан Шунь Қостанайда – Айса Қуанышбаев болды да кетті. Ол осы концертте үлт оркестрінде өз скрипкасымен қобызшының орнына ойнап және жеке скрипкада қазақтың халық әндерінен "Зәурег" пен "Екі жиренді", менің "Сүйген жар" дейтін романсымды, Хамидидің "Қазак вальсын" және өзінің бір-екі өнін орындап берді. Кейін елге гастрөлге шыққанда да ол Айса Қуанышбаев болып жүрді.

Елжан Есетов ("Ел естіндегі Еккан" кітабынан, 4-7 беттер).

Сахнадағы жаңалық


Қостанайдағы қазақ филармониясының әртістері жаздай елде болып, қала халқына ойын қойып, мағалым көп уақыт өткен еді, міне, бүгін (24 ноябрьде) сол әртістер қайтқан күстай мекенді сахнасында жаңа маусымның шымылдығын ашты.

Қос етекті көк жібек көйлегінің үстінен зермен кестелген қызыл берен камзол киіп, үкі таққан, оқалы тақиясын шекесіне салған қара көзді, қыша бел, дөңгелек жүзді аққұба қазақ қызы шықты сахнаға. Бұл – филармонияның жеке әніші Сейдахметова Гафура қыз еді. Оның көркем бейнесіне сай күмісті сұлдырлаған сүйкімді дауысы тыңдаушыны еріксіз ұйытып, өзіне тартты. Гафура әсіресе Ақжүністің әнін асқан шеберлікпен орындап береді.

«Тағдыр жолы». Әйгілі актер, ұлттық театр негізін қалаушыларының бірі Елубай Өмірзақов



Алматы қаласындағы Қабанбай батыр көшесіндегі №89 үйге мемориалдық тақта орнатылып, актер есімімен көше берілді





Қазақ өнерінің тарланы 1974 жылы 2 сәуірде Алматы қаласында жерленген зираты



Мазмұны:

Құрастырушыдан	3-4
Өңір мақтанышы.....	4-8
Пайдаланған әдебиеттер.....	9
Өмір.Театр.Кино.	10
Фильмде ойнаған сәттерінен	11-13
Марапаттау сәтінен.....	14-17
Қостанай облыстық филормониясы ғимаратының суреті	18
Біздің даңқты жерлестеріміз.....	19
Е.Өмірзақов туралы кітаптар.....	20
Қойылымдарынан фотосуреттер.....	21-22
Туған жердің тұлғалары	23-26

Шығ. жауапты: С. А. Алматова
Құрастырушы: Г. А. Нугманова
Редакторы: Ж. К. Абжанова

Қаріп түрі Times New Roman

Басылымның көлемі: 0,5

Таралымы 3

**«Арқалық қаласындағы
облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**

110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16

Е – mail:arkounb@mail.ru

